**Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және заңды тұлғаларға оған байланысты шығындарды өтеудің тәртібін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 527. Күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.01.31. N 161 қаулысымен. ~P010161

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және заңды тұлғаларға соған байланысты шығындарды өтеудің Тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері жеңілдік беруге байланысты шығындарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі министрліктермен және мемлекеттік комитеттермен бірлесіп азаматтарға жеңілдіктерді уақтылы беру мақсаттарында азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктерді белгілеуші және Қазақстан

Республикасы Тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілеттігінің шегінен шығатын заң базаларын жүйелендіруді жүргізсін және оның тізбесін 15 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 сәуірдегі
N 527 қаулысымен
Бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру
мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық
жергілікті атқарушы органдарға және басқа да заңды

тұлғаларға оларға байланысты шығындарды өтеудің
Тәртібі

Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да заңды тұлғаларға оларға байланысты шығындарды өтеудің шарттарын айқындайды.

Азаматтардың әрбір санаты бойынша жеңілдіктердің тізбесі мен мөлшері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес реттеледі.

## 1. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет бойынша жеңілдіктер беру, оларға байланысты шығындарды өтеу

1. Пәтер ақысы (пайдалану шығындары) және коммуналдық қызметтер бойынша жеңілдіктерге құқығы бар адамдар, отбасында пәтер ақысы (пайдалану шығындары) және коммуналдық қызметтер бойынша жеңілдіктер алуға құқылы адамдар бар пәтер жалдаушылар мен жекешелендірілген пәтерлердің, үйлердің, тұрғын үй құрылысы кооперативтерінің (ТҚК) иелері тіркелген жері бойынша коммуналдық қызметтерге, тұрғын үй-пайдалану ұйымдарына (ТПҰ), үй-жайларды пайдалану жөніндегі дирекцияға (ҮПД), коммуналдық шаруашылық басқармаларына (қалалық, аудандық коммуналдық шаруашылықтарына), пәтер (үйлер) иелерінің тұтыну кооперативтеріне немесе басқа да қоғамдық құрылымдарға мынадай құжаттарды:

. Ескерту. Бұдан әрі тұрғын үй-пайдалану ұйымдары (ТПҰ), үй-жайларды пайдалану жөнінде дирекция (ҮПД), коммуналдық шаруашылық басқармалары ( қалалық, аудандық коммуналдық шаруашылықтар), пәтерлердің (үйлердің) меншік иелерінің тұтыну кооперативтері немесе басқа да қоғамдық құрылымдар - тұрғын үй-пайдалану ұйымдары (ТПҰ) деп аталады.

әлеуметтік мәртебесін айғақтайтын куәлікті, анықтаманы немесе басқа да құжаттарды;

азаматтың және отбасы мүшелерінің төлқұжатын немесе жеке басының куәлігін, балалардың тууы туралы куәліктерін;

тұрғын үйдің ордерін немесе жекешелендіру, сатып алу-сату шарттарын,

сондай-ақ үй кітапшасын, үйдің жоспарын ұсынады.

Жаңа үлгідегі төлқұжатта (жеке бастың куәлігінде) тіркеу белгісінің болмауына байланысты азаматтар тұратын жері туралы төлқұжат столының анықтамасын қоса ұсынады.

2. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары ұсынылған құжаттарды тіркейді және журнал мен пәтер жалдаушының, пәтер (үй) иесінің жеке кәртішкесіне қажетті деректемелерді толтырады.

Аталған құжаттардың негізінде жылына бір рет белгіленген нысан бойынша ( осы Тәртіптің 1-қосымшасы) негізгі пәтер жалдаушылардың және пәтерлер, үйлер, тұрғын үй құрылысы кооперативтері иелерінің тізімі бірнеше дана болып жасалады, олардың біреуі ТПҰ-да қалады, басқалары белгілі бір қызметтер көрсететін ұйымдарға (жылумен жабдықтаушы ұйымдарға, су құбыры-канализация ұйымдарына, газ шаруашылығы және лифт шаруашылығы, санитарлық тазалау ұйымдарына) жіберіледі.

Жеңілдіктерін жоғалтқан жағдайда немесе оларды пайдалану құқығы пайда болған кезде пәтер жалдаушы, пәтердің (үйдің) иесі бір айдың ішінде бұл жайында ТПҰ-на, ал жеке секторда тұратын адамдар - қызмет көрсетуші ұйымдарға хабарлауға міндетті. Осы деректердің негізінде ТПҰ тоқсан сайын жеңілдік берілгендердің негізгі тізіміне тиісті өзгертулер енгізіп отырады.

ТПҰ, ұйымдар жыл сайын, I тоқсанда жеңілдік берілгендердің құжаттарын тексеріп отыруға міндетті.

3. Қызмет көрсетуші кәсіпорындар алынған тізімнің негізінде тоқсан аяқталғаннан кейін 20-күннен кешіктірмей осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес нысанда бюджеттен өтелуге тиісті берілген жеңілдіктер сомасының есебін шығарады. Есепке кіргізуге арналған жеңілдіктердің мөлшері көрсетілетін қызметтерге жергілікті атқарушы органдар бекіткен тарифтер негізінде айқындалады.

4. ТПҰ қандай да болсын төлем түрлері бойынша пәтер жалдаушылардың есебін жүргізбеген жағдайда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары жеңілдік берілгендердің есебін тұрғын үй-пайдалану ұйымдары секілді 1-тармақта айтылған тәртіпте жүзеге асырады.

5. Ведомстволық, жеке тұрғын үй қорында және ТҚК-де жеңілдік беру жөніндегі шығындарды есептеу 1 және 2-тармақтарда айтылған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады және өтеледі.

6. Пәтер ақысы (пайдалану шығындары) және коммуналдық қызметтер ( тұрғын үй қорын ыстық және салқын сумен жабдықтау, канализация, бір орталықтан жылыту, лифтілерді күтіп ұстау, қоқыс тазарту) ақысы жөнінде жеңілдіктер берілуіне байланысты шығындарды өтеу үшін осы қызметтерді көрсетуші тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары өздерінің

тұрған жері бойынша қаржы органдарына осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шығарылған есептерді ұсынады.

7. Тұрғын үйге ақы төлеу және оны күтіп ұстау, тұрғын үй қорын ыстық және салқын сумен жабдықтау, канализация, бір орталықтан жылыту, қоқыс тазарту, лифтілерді күтіп ұстау жөнінде қызмет көрсететін ұйымдардың шығындарын облыстық қаржы басқармалары жергілікті бюджеттің қаржылары есебінен төлем тапсырмасы арқылы өтеп, бұл шығындарды қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" бөлімінің тиісті тауарлары бойынша, жаңа жіктеменің - 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобына, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясына, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясына, 105 "Әкімдердің аппараты" мекемесіне, 29 "Жергілікті атқарушы органдардың үйлерінде тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бойынша жеңілдіктер берілуіне байланысты шығындарды өтеу" және 30 - ведомстволық тұрғын үй қорларына арналған бағдарламаларға, 03-18 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі ішкі бағдарламасына жатқызады.

8. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөнінде 50 процент жеңілдік беру бала жасынан, жалпы және кәсіби ауру-сырқаудан еңбек үстінде мертігуден болған мүгедектердің отбасы мүшелеріне және дербес зейнеткерлердің отбасы мүшелеріне қолданылмайды.

Аталған санаттағы адамдар үшін үй-жайларды жылыту ақысы қоныстанып отырған барлық аумаққа 50 процент мөлшерінде көзделген.

9. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ Ұлты Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлері 50 шаршы метрден асатын пайдалы алаңды жылыту ақысын тұрғындар үшін белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде төлейді.

## 2. Газды тұтынуға жеңілдіктер беру және оған байланысты шығындарды өтеу

10. Қолданылып жүрген заңдар бойынша үй жылытуға, тамақ дайындауға және су жылытуға тұтынылатын газ үшін жеңілдіктер көзделген азаматтар (Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларынан, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлерінен басқа) газ үшін белгіленген нормалар шегінде бекітілген тарифтің 50 проценті мөлшерінде ақы төлейді. Үй жылытуға тұтынылатын газ белгіленген босату нормасынан асып кеткен жағдайда төлемақы тұрғындар үшін бекітілген жалпы тариф бойынша алынады.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, сондай-ақ Ұлты Отан соғысында қаза болған жауынгерлердің қайталап тұрмысқа шықпаған жесірлеріне 50 шаршы метр шегіндегі пайдалы аланды үй жылытуға арналған газ тегін босатылады. 50 шаршы метрден асатын пайдалы аланды жылыту ( белгіленген нормалар шегінде) тұрғындар үшін белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде жүргізіледі. Тамақ дайындауға және су жылытуға арналған газ тегін босатылады.

Соғыс мүгедектерімен және қатысушыларымен және соларға теңестірілген адамдармен бірге тұратын отбасы мүшелері тамақ дайындауға және су жылытуға арналған газдың ақысын белгіленген тарифтің 50 проценті мөлшерінде жеңілдікпен төлейді.

Бір тұрғынның тамақ дайындауына және су жылытуына жұмсалған газ үйдің нақты тұтынған газы және тұрғындардың саны бойынша есептеліп, одан норма бойынша үй жылытуға тұтынылатын газ көлемі шегеріп тасталады.

11. Газ үшін ақы төлеу жөнінде жеңілдіктер алуға құқығы бар және мемлекеттік тұрғын үй қоры үйлерінде тұратын азаматтар тиісті тұрғын үй пайдалану ұйымдарына (ТПҰ, ҮПД) жолығады. Олар болмаған жағдайда және газ үшін есеп айырысу тұрғын үй-пайдалану ұйымдары арқылы жүргізілмейтін жерлерде - тұратын жері бойынша газ шаруашылығы кәсіпорындарына жолығады.

12. Жеңілдіктерді пайдалануға құқығы бар азаматтар газ шаруашылығы кәсіпорнына немесе тұрғын үй-пайдалану ұйымдарын жылына бір рет осы Тәртіптің 1-тармағына сәйкес құжаттар тапсырады.

Газ жөнінде жеңілдіктер құқығы пайда болған немесе оны жоғалтқан кезде азаматтар бұл туралы газ шаруашылығы кәсіпорнына немесе тұрғын үй-пайдалану ұйымына бір ай ішінде құлаққағыс етуге міндетті.

13. Тұрғын үй-пайдалану ұйымдары, газ шаруашылығы кәсіпорындары жеңілдіктерге құқық беретін құжаттардың негізінде абоненттің кәртішкесіне жеңілдікпен қызмет көрсетуге белгі қояды, газ үшін ақы төлеу жөнінде жеңілдіктерді пайдаланатын адамдардың есебін жүргізеді және осы Тәртіптің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тізім жасайды.

14. Нақты босатылған газдың негізінде газ шаруашылығы кәсіпорындары тоқсан сайын 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үй жылытуға және тамақ дайындауға газ босату жөнінде жеңілдіктер берілуіне байланысты шығындарды өтеудің жиынтық есебін жасайды және оны есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне дейін кәсіпорындардың орналасқан жері бойынша қаржы органдарына жібереді.

15. Қаржы органдары газ шаруашылығы кәсіпорындарына олардың тапсырыстарына сәйкес жергілікті бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік

жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" бөлімінің тиісті тауарлары бойынша жаңа жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 105 "Әкімдердің аппараты" мекемесі, 27 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына газ бойынша жеңілдіктер беру мен көрсетуге байланысты шығындарды өтеу" бағдарламасы, 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" ішкі бағдарламасы бойынша аванспен қаржы аударады.

16. Қаржы органдары есептеменің деректеріне және жылдың аяғында аударылған авансқа сәйкес тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-на дейін газ шаруашылығы кәсіпорындарымен түпкілікті өзара есеп айырысады, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тарқата көрсетілген пайдаланушылар құрамымен және түсініктеме жазбамен бірге есеп ұсынады.

## 3. Электр энергиясын тұрмыстық қажеттерге тұтыну және шығындарды өтеу

17. Облыстық қаржы басқармалары жергілікті бюджеттен тоқсан сайын өндірістік электр энергетикалық бірлестіктердің (сондай-ақ желісінен халық электр энергиясын алатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар тұтынушыларының) пайдаланған электр энергиясы үшін жеңілдікпен төлеуге құқығы бар азаматтарға көрсетілген жеңілдіктерге ұсынылуына байланысты шығындарын қаржыландыруды жеңілдіктерді пайдаланушылардың саны жөнінде берілген мәліметтерге сәйкес жүргізіледі. Бұл жағдайда мұндай тұтынушылар энергиямен қамтамасыз етуші ұйыммен өз желісі арқылы халыққа, оның ішінде электр энергиясы үшін жеңілдетілген ақы төлеуге құқығы бар азаматтарға босатылған электр энергиясы үшін белгіленген прейскурант бойынша есеп айырысады.

18-тармақ.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақтың күші жойылған - ҚРҮ-нің 1996.09.30. N 1192 қаулысымен. P961192_

19. Электр энергиясына жеңілдетілген тарифті бір мезгілде екі және одан да көп жерде қолдануға болмайды.

20. Электр қазандықтары, электр су ысытқыштар, электрбойлерлер, электр титандар көмегімен үй жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылған электр энергиясына ақы төлеуде жеңілдік жасалмайды.

21. Энергиямен жабдықтаушы ұйым жеңілдіктерге құқығын куәландыратын құжат негізінде жеңілдіктерді пайдаланатын азаматтардың тізімін анықтайды. Тізімде жеңілдікті пайдаланушы адамның тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ

мекен-жайы және жеңілдіктерге құқық беретін құжаттың нөмірі көрсетіледі.

Жеңілдіктерді тұрғын үй пайдалану органдары арқылы ресімдеген жағдайда құжаттар осы Тәртіптің 1-тармағына сәйкес ұсынылады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым - электр энергиясын жеңілдікпен беруге байланысты шығындардың жиынтық есебін өндірістік электр энергетикалық бірлестіктерге (желілерінен халық электр энергиясын алатын энергиямен жабдықтаушы тұтынушыларға), олар өз кезегінде жергілікті қаржы органдарына береді.

Жергілікті қаржы басқармалары алынған мәліметтер негізінде есептелген шығындар сомасын белгіленген тәртіпте әрі қарай өндірістік шығындарды өтеу үшін ведомстволық бағыныстағы ұйымның шотына аудару үшін өндірістік бірлестіктердің есеп шотына аударады. Мемлекеттік республикалық кәсіпорындар облыстық қаржы басқармаларына келесі тоқсандағы қаржыландыруды анықтау үшін нақты шығындар туралы тоқсан сайын есеп береді.

Жеңілдікті пайдаланушылар тізімін ресімдеуді шаруашылық жүргізуші субъектілер осы Тәртіптің 1-бөліміне сәйкес жүргізеді.

Қаржы органдары жергілікті бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" бөлімінің тиісті тауарлары бойынша, жаңа жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 220 "Қазақстан Республикасы энергетика және көмір өнеркәсібі" мекемесі, 26 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына электр энергиясы бойынша жеңілдіктер беру мен қызмет көрсетуге байланысты шығындарды өтеу" бағдарламасы, 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" ішкі бағдарламасы бойынша қаржы аударады.

## 4. Отын (көмір немесе сұйық пеш отыны) бойынша жеңілдіктер беру және шығындарды өтеу

22. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, сондай-ақ Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне иелігіндегі бір үйдің алаңын, бірақ 50 шаршы метрден аспайтын, жылытуға бекітілген норма шегінде (6-қосымша) тегін отын босатылады. Үйдің 50 шаршы метрден артық алаңына тегін отын бекітілген норманың 50 проценті мөлшерінде босатылады.

Қолданылып жүрген заңдар бойынша отын алу жөнінде жеңілдіктер көзделген азаматтарға оны босату пешпен жылытылатын үй иеліктеріне

белгіленген норманың 50 проценті шегінде жүргізіледі.

Жергілікті атқарушы органдардың отын алуға жергілікті бюджет есебінен төленетін қосымша жеңілдіктер белгілеуге құқығы бар.

23. Үйге иелік етуші бірнеше тұрғындардың отын алуға жеңілдік құқы болған кезде бұл құқық олардың беруіне ең тиімді жағдайда беріледі.

24. Жеңілдетілген жағдайда отын алу үшін азаматтар тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқару органдарына өтініш береді.

Өтінішпен қоса:

әлеуметтік мәртебесін растайтын куәлік (анықтама немесе басқа құжат);

коммуналдық шаруашылық кәсіпорнының үйдің көмірмен жылытылатынын растайтын анықтамасы;

жергілікті атқарушы органның селода иелігінде үйі барлығын және сол үйде тұратынын растайтын анықтамасы (ауылда), "Иелігіндегі жеке үйдің техникалық төлқұжаты" және "Үйде тұратын азаматтарды тіркеуге арналған үй кітабы" негізінде жасалған Техникалық түгендеу бюросының үйге иелігі және сонда тұратыны жөніндегі анықтамасы (қалада) (7-қосымша);

төлқұжат;

үйде тұратын азаматтарды тіркеуге арналған үй кітабы беріледі.

25. Құжаттарды ресімдеу жергілікті атқару органдарының комиссияларында жүргізіледі.

Өтініш барлық қажетті құжаттармен бірге комиссия тарапынан ол түскен күннен бастап үш күннен кешіктірілмей қаралады.

Алатын отынның есебі жөніндегі комиссия шешімі өтініш берушіге 2 апта ішінде хабарланады.

26. Комиссия шешімі негізінде отын алуға арналған тізімдеме 3 дана етіп жасалады, оның біреуі - отынмен жабдықтаушы ұйымға , ал екіншісі жергілікті қаржы басқармаларына ұсынылады (8-қосымша).

. Ескерту. Отынмен жабдықтаушы ұйымдар дегеніміз - халыққа көмір, ағаш, сұйық пеш отынын сатумен шұғылданатын акционерлік қоғамдар, ұйымдар және темір жол бөлімшелері.

Жеңілдіктерге құқығы бар адамдарға әлеуметтік мәртебесі және босатылатын отын мөлшері көрсетілген, тегін отын алуға арналған жеке анықтама беріледі (9-қосымша).

27. Жеңілдетілген жағдайда отын алатын адамдардың есебі тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, жеңілдік үшін негіздеме, мекен-жайы және басқа қажетті мәліметтер көрсетілетін есеп кітабында жүргізіледі.

28. Азаматтар тарапынан жеңілдетілген жағдайда отын алу үшін отынмен

жабдықтаушы ұйымға: отынды тегін алуға арналған анықтама, төлқұжат, сондай-ақ отынмен жабдықтаушы ұйым отынды алғаны жөнінде белгі жасайтын үй кітабы ұсынылады.

29. Отынды тасу және соған байланысты операциялар (тиеу, түсіру) үшін есеп айырысу қолданылып жүрген тариф бойынша жүргізіледі және азаматтар оның құнын жалпыға бірдей негізде төлейді.

30. Облыстық қаржы органдары отынмен жабдықтаушы ұйымдарға олардың өтінімі бойынша отын үшін есептесуге арнап жергілікті бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" бөлімінің тиісті тараулары бойынша жаңа жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 " Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 105 "Әкімдердің аппараты" мекемесі, 28 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына қатты отын бойынша жеңілдіктер беру мен қызмет көрсетуге байланысты шығындарды өтеу" және 32 - сұйық отын бойынша бағдарламасы, 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" ішкі бағдарламасы бойынша қаржы аударады.

31. Отынмен жабдықтаушы ұйымдар жеңілдетілген жағдайда отынмен қамтамасыз етудің нақты шығындары туралы мәліметті қаржы басқармаларына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін ұсынады.

32. Қаржы басқармалары отынмен жабдықтаушы ұйымдармен жылдың аяғында өзара есеп айырысады, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-на дейінгі мерзімде пайдаланушылар құрамының таратылған тізбесімен және түсіндірме жазбамен бірге есеп (10-қосымша) ұсынады.

## 5. Байланыс қызметі бойынша жеңілдіктер беру, оған байланысты шығындарды өтеу

33. Байланыс қызметіне ақыны жеңілдікпен төлеуге құқығы бар адамдар тұрғылықты жеріндегі байланыс ұйымына өтініш береді және жеңілдіктерге құқығы туралы құжаттар тапсырады.

34. Жеңілдетілген қызмет көрсететін байланыс ұйымдары тоқсанына бір рет 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп жасап, оны 13, 14-қосымшалардағы нысан бойынша жинақталған мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне жолдайтын жоғарыда тұрған облыстық ұйымға ұсынады. Соңғысы 13, 14-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жиынтық мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бағыттайды.

35. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация министрлігіне жеңілдетілген қызмет көрсетуі бойынша нақты шығындар шегінде тоқсанына бір рет республикалық бюджеттен шығындарды өтейді. Кредиттер қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" тарауы бойынша, жаңа жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 215 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі" мекемесі, 33 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына көлік пен байланыс бойынша жеңілдіктер беру мен қызмет көрсетуге байланысты шығындарды өтеу" бағдарламасы, 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" ішкі бағдарламасы бойынша ашылады.

36. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен жеңілдетілген қызмет ұсынғаны үшін алған өтемақыны өзінің бюджеттік шотынан тиісті облыстық байланыс ұйымының шотына аударады, ал олар аудандық байланыс ұйымдарымен есеп айырысады.

## 6. Көлікте жеңілдіктерді пайдаланып жүруге байланысты шығындарды өтеу

37. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің органдары көлікте тегін емес жеңілдікті пайдаланып жүруге құқығы бар адамдарға олардың мәртебесін растайтын құжаттары негізінде талондардың (немесе сенімхаттың) жол жүру парақтарын береді. Ұлы Отан соғысының I топтағы мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға оларды жолға шыққанда алып жүретін адамдар үшін жылына бір рет (барып-қайту) ТМД аумағында темір жол көлігінде тегін жүруге және әуе, су, қалааралық автомобиль көліктерінде жолақысының 50 проценті жеңілдетілген талондардың қосымша парағы беріледі, ал I топтағы мүгедектерді ертіп жүретін адамдарға күзгі-қысқы кезеңде темір жол, әуе және қалааралық автомобиль көліктерінде жолақысының 50 процентін төлеп жүруге арналған талон беріледі.

Ұлы Отан соғысының I топтағы мүгедектеріне куәлігі негізінде 1 қазаннан 15 мамырға дейінгі маусымдық кезеңде қалааралық көліктерде құнының 50 процентін төлеп жол жүру құқы беріледі. Бұл жеңілдік сонымен қатар халықты әлеуметтік қорғау органдарының I топтағы соғыс мүгедегін алып жүру фактісін

растайтын анықтамасы негізінде тағы бір адамға беріледі.

Талондардың (немесе сенімхаттардың) пайдаланылуын есепке алуды және бақылауды оны берген орган жүзеге асырады.

Екі жылда 1 рет тегін жүру құқығы бар адамдардың өткен және осы жылғы талондары қабылданады (талон пайдаланылмаған жағдайда).

38. Азаматтардың әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат және талондардың (сенімхаттың) жол жүру парақтары негізінде әуе, темір жол, су немесе қалааралық автомобиль көлігі кәсіпорындары тегін немесе жеңілдетілген билет береді. Бірнеше авиакомпания орындайтын рейстер болған кезде жеңілдетілген билет тек қана "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы орындайтын рейске беріледі.

Кассир парақтан пайдаланылатын көлік түрінің талонын қиып алады және жеңілдікті пайдаланып жол жүруге негіз беретін құжаттың аты мен нөмірін көрсетіп билеттің түбіршегіне желімдейді. Осы түбіршектерге орай кассалар 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсанына бір рет есеп жасайды.

39. Аталған есеп Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігіне 16, 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеңілдік беруден табыстардың жоғалтылуы туралы жалпы мәлімет ұсынуға тиісті жоғарыда тұрған көлік ұйымдарына жолданады.

40. Республикадан тыс жерлерде - 1993 жылғы 12 наурызда қол қойылған Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың жеңілдетілген жол жүру құқығын өзара мойындау туралы келісімге қатысушы елдер аумағында билет алған кезде немесе басқа елдердің авиакомпаниялары орындайтын рейске ("Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпанияның рейстері болмаған кезде) билет алған жағдайда Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері жол жүру құжаттарын көрсетуі бойынша зейнетақы алатын жерден басқа мемлекеттердің - Келісімге қатысушы елдердің аумағында жол жүру кезіндегі шығындары үшін жол ақысының 50 проценті мөлшерінде өтемақы алады. Жеңілдікті пайдалану талонын (куәлік) берген орган тоқсанына бір рет 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп жасап, өз кезегінде облыстық қаржы басқармасына соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне Келісімге қатысушы мемлекеттер аумағы бойынша жол жүргені үшін жол ақысының 50 проценті мөлшерінде өтемақы төлеу жөнінде жұмсалған шығындар туралы 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімет жіберетін жоғары тұрған облыстық органға ұсынады.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өтемақы қаржыландыру жүргізілгеннен кейін жергілікті бюджеттен беріледі.

41. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жеңілдіктер беруден

жоғалған пайдалар туралы тоқсанына бір рет 16, 17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есеп ұсынады.

42. Әуе, темір жол, су немесе қалааралық автомобиль көліктерінде жеңілдіктер берілуіне байланысты шығындарды Қаржы министрлігі нақты шығындар шегінде республикалық бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" тарауы бойынша, Көлік және коммуникация министрлігі тапсырған анықтама негізінде (көлік ұйымына жоғалған пайданың өтемақысы), жаңа жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 215 " Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" мекемесі, 33 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына көлік және байланыс бойынша жеңілдіктер беру мен қызмет көрсетуге байланысты шығындарды өтеу" бағдарламасы, 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" бойынша өтейді. соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектерінің ТМД аумағы бойынша жол жүру кезіндегі шығындарын жолақы құнының 50 проценті мөлшерінде өтеу халықты әлеуметтік қорғау органдары ұсынған анықтамалардың негізінде жергілікті бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 207 "Халықты әлеуметтік қорғау" бөлімі бойынша, жаңа жіктеменің 06 функциялық бөлімі, 01 функциясы, 06 ішкі функциясы, 213 "Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" мекемесі, 32 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне ТМД аумағында көлікпен жүргені үшін ақшалай өтемақы" бағдарламасы бойынша төленеді.

43. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне және облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларына 16, 17, 19-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ұсынылған анықтама негізінде тоқсан сайын республикалық және жергілікті бюджеттен кредит ашылады. Мұндай анықтама тапсырылмаған жағдайда бюджеттен қаржы бөлінбейді.

44. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі алған қаржыны өзінің бюджеттік шотынан төлем тапсырмасымен нақты шыққан шығындарға сәйкес көлік ұйымдарына аударады.

Халықты әлеуметтік қорғау облыстық органдары ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға жергілікті жерлерде өтемақы беру үшін қажетті соманы ғана аударады.

45. Тасымалдаушыларға автомобиль (қалааралықтан басқа) және электр көлігінде жүру бойынша жеңілдіктер беруге жұмсалған шығындарды өтеу облыс әкімдері тарапынан жергілікті бюджеттердің есебінен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша, жаңа

жіктеменің 06 функциялық тобы, 01 функциясы, 06 ішкі функциясы, 105 " Әкімдердің аппараты" мекемесі, 31 "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына автокөлікте жүру жөнінде жеңілдіктер мен қызмет көрсетулер ұсынылуына байланысты шығындарды өтеу" бағдарламасы," 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" ішкі бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Қалалық жолаушылар көлігінің (таксиден басқа) барлық түрлерінде және ауылдық жерлерде әкімшілік аудан шегінде жүру үшін бір жолғы немесе жол жүру билеті негіз болып табылады.

Тұрғылықты жері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік (ауданның, қаланың) шегінде жалпы пайдаланудағы көлікте (таксиден басқа) жүруге жеңілдік алған азаматтардың әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттың негізінде тегін немесе жеңілдікті негізде жолда жүру билеті беріледі. Көлікте жүруге жеңілдік берілген азаматтардың құқығын қамтамасыз ететін тәртіпті облыстардың әкімдері белгілейді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.11.11. N 1365 қаулысымен. P961365_

46. Қалалық көлікте және қала сыртына қатынайтын автобустарды, сондай-ақ әкімшілік аудан шегіндегі ауылдық жерлерде және қалааралық маршруттарда жүру жөнінде жеңілдіктер берілуімен байланысты шығындарды өтеу тәртібін жергілікті бюджет есебінен облыс әкімдері бекітеді.

## 7. Жолдамалар, санаторийлық-курорттық емделуге өтемақылар және басқа төлемдер беру мен оларға байланысты шығындарды өтеу

### 1) шығындарды республикалық бюджет есебінен өтеу

47. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бұл жеңілдіктерге құқы бар адамдарды санаторийлық-курорттық емдеу және оларға материалдық көмек көрсету үшін тоқсан сайын республикалық бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің 207-бөлімінің 1-парасы " Санаторийлық-курорттық емделуге және материалдық көмекке арналған шығыстар" бойынша, жаңа бюджеттік жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамтамасыз ету" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 213 " Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" мекемесі, 31 "Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарды санаторийлық-курорттық емдеу және материалдық

көмек көрсету шығындарын өтеу" бағдарламасы бойынша кредит ашылады.

48. Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына және олармен теңестірілген адамдарға санаторийлық-курорттық емделуге жолдама беру күні көрсетілген өтініш пен тұрғылықты жер бойынша емдеу мекемесінің қорытындысының негізінде зейнетақы алатын жері бойынша жүргізіледі.

49. Медициналық мекеменің қорытындысы бойынша санаторийлық-курорттық емделуді қажет ететін соғыс мүгедектері мен қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға жолдама берілмеген жағдайда зейнетақы алатын жері бойынша жолдамаға өтініш берген уақыттың алдындағы тоқсанда қалыптасқан жолдама құнының 50 проценті мөлшерінде қосылған құнға салынатын салықсыз өтемақы төленеді.

Чернобыль АЭС-ындағы апат салдарынан мүгедек болып қалған, жыл сайынғы санаторийлық-курорттық емделу құқығын пайдаланбаған адамдарға ақшалай өтемақы жылдың аяғында санаторийлық-курорттық жолдаманың қалыптасқан орташа жылдық құны мөлшерінде төленеді.

Оларға ақшалай өтемақы төлеу халықты әлеуметтік қорғау органдары арқылы жүргізіледі.

50. Чернобыль АЭС-ындағы апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды сауықтыруға жыл сайынғы біржолғы материалдық көмекті төлеу олар көмек сұраған кезде республикалық бюджеттен ақша түсуі бойынша жүргізіледі.

Сауықтыруға материалдық көмек көрсету құжаттарын ресімдеу және есепке алу ұйымдарда, халықты жұмыспен қамту орталықтарында, халықты әлеуметтік қорғау органдарында жұмыс істейтін комиссиялар тарапынан жүргізеді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары сауықтыруға арналған біржолғы материалдық көмекке тілек білдіруші азаматтың мәртебесін растайтын құжат негізінде сол орталықта тіркелген жұмыссыздарға сауықтыруға берілетін материалдық көмек алуға анықтама береді.

Осы жеңілдікті пайдаланатын жұмыс істейтін азаматтарға сауықтыруға жыл сайын берілетін біржолғы материалдық көмекті төлеу жұмыс істейтін жері бойынша, бұл кейіннен республикалық бюджеттен өтелуі арқылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылатын әлеуметтік сақтандыруға бөлетін қаржы есебінен жүзеге асырылады. Жұмыспен қамту орталығында тіркелген жұмыс істейтін азаматтарға, зейнеткерлер мен мүгедектерге зейнетақы төлейтін органдарда республикалық бюджеттен қаржы түсуіне қарай төленеді. Көрсетілген төлемдер өтініштің, анықтамалардың, Чернобыль АЭС-ындағы апат зардаптарын жоюға қатысушының куәлігінің (Чернобыль АЭС-ындағы апат зардаптарын жоюға қатысқан растайтын құжаттың) немесе әскери билетіндегі, еңбек кітапшасындағы белгілердің және медициналық әлеуметтік-сараптау комиссиясының анықтамасының негізінде жүргізіледі.

51. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ашылған кредиттер сомасын бөледі және мақсаттық тұрғысы бойынша пайдалану үшін бюджеттік тапсырмамен облыстық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау органдарының шотына аударады.

2) шығындарды жергілікті бюджет есебінен өтеу

52. Шағын литражды автомобильдерді, мотобесіктерді немесе кресло-бесіктерді бөлу Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " Мүгедектерді арнаулы қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету туралы" 1992 жылғы 27 мамырдағы N 65 қаулысына және "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 465 және 1992 жылғы 27 қазандағы N 891 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы" 1995 жылғы 2 маусымдағы N 770 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Қолмен және әдеттегідей басқарылатын арнаулы автокөлікпен қамтамасыз етуге медициналық анықтамасы және оны жүргізуге құқылы белгіленген үлгідегі жүргізуші куәлігі бар жағдайда Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға беріледі.

54. Бензинге жұмсалған шығындарға өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мүгедектерге бензин үшін ақшалай өтемақы төлеу туралы" 1992 жылғы 22 қазандағы N 891 және "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 465 және 1992 жылғы 22 қазандағы N 891 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы" 1995 жылғы 2 маусымдағы N 770 қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Бензинге өтемақы мүгедектің иелігіндегі арнаулы автокөлік техникалық тексеруден өткендігі туралы белгісі бар техникалық құжатты ұсыну бойынша төленеді.

56. Мүгедектердің медициналық айғақтама бойынша, өзі жүргізу құқымен тегін берілген автомобильдеріне қосалқы бөлшектер алу, күрделі жөндеу үшін өтемақы төлеу автомобильді пайдаланудың төртінші жылынан бастап, республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есептік көрсеткіштің жиырма еселенген мөлшерінде жеті жылда бір рет жүргізіледі.

57. Мүгедектің тірі кезінде алынбаған көлік қызметіне арналған өтемақы ол қайтыс болған соң отбасы мүшелеріне төленбейді.

58. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеу мүгедектің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мүгедектер үшін бөлінген арнаулы автокөлік құжаттамалардың тиісінше ресімделуі және сату алдындағы дайындық жағдайында жасаушы-завод тарапынан жүзеге асырылады.

59. Арнаулы автокөлікпен қамтамасыз етуге медициналық айғақтамасы бар мүгедектерге автомобиль немесе мотобесік жүргізуді оқыту үшін республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінде біржылғы төлем беріледі. Еңбек жарақатынан немесе кәсіптік аурудан мүгедек болғандар жүргізуге кемтарлыққа (зардапқа) себепкер - кәсіпорынның қаражаты есебінен оқытылады.

60. Арнаулы автокөлік қамтамасыз етілуге медициналық айғақтамасы бар, бірақ оны мемлекеттік органдардан алмаған мүгедектерге автокөлік үшін ақшалай өтемақы мүгедектің өтінішінің негізінде дайындаушы заводтың бағасы бойынша, сол жылдың 1 қаңтарында және 1 шілдесінде қалыптасқан "Таврия" автомобиль құнының 1/7 бөлігінде жарты жылдықтар бойынша зейнетақы алынатын жерінде төленеді. Бұл ретте бензинге, техникалық қызмет көрсетуге және автокөлікті жөндеуге ақшалай өтемақы төленбейді.

61. Жеке тұрғын үйлерді күрделі жөндеуге арналған шығындарды өтеу жөндеу құнының 50 проценті жеңілдігімен жүргізіледі.

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына жоғарыда көрсетілген шығындарды өтеудің тәртібін облыс әкімдері айқындайды.

62. Жұмыс істемейтін мүгедектерді - Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік еңбек Ері атақтары берілген, Даңқ орденінің үш дәрежесімен, "Отан" орденімен марапатталған соғысқа қатысушыларды әскери құрметпен тегін жерлеу және зираттарына құлпытас қою жергілікті атқарушы органдар белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

### 3) зейнетақы қоры қаржысының есебінен жұмсалатын шығындар

63. Алынатын зейнетақыға республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есептік көрсеткіштің 100 проценті мөлшерінде ай сайынғы үстеме есептеу "Қазақ КСР-і азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақ КСР-і Заңында көзделген басқа үстемелер мен өсірулерден тысқары және аудандық коэффициент есептелместен жүргізіледі.

Ескерту. Бұдан әрі - есептік көрсеткіш

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде тұратын, толықтай мемлекеттің қамтамасыз етуіндегі соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге бұл үстеме толық мөлшерде төленеді.

64. Есептік көрсеткіштің төрт еселенген мөлшеріндегі сомада жыл сайынғы біржолғы жәрдемақыны төлеу жыл ішінде жүргізіледі.

Осы Жәрдемақы интернат-үйлерде тұратын соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге толық мөлшерде төленеді.

65. Ұлы Отан соғысының қатысушысы немесе мүгедегі қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді ұйымдастырушы адамдарға есептік көрсеткіштің 35 еселенген мөлшерінде, бірақ алатын зейнетақысының екі есе мөлшерінен кем емес сомада жерлеуге арналған жәрдемақы төленеді.

Жалғызбасты соғысқа қатысушылар мен мүгедектерін жерлеу, жерлеуге арналып белгіленген жәрдемақының мөлшерінде дәстүрлі рәсімдерді атқару арқылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері тарапынан жүргізіледі . Көрсетілген мөлшерлердің шегінде жерлеуге

жұмсалған қаражаттарды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметі ұсынған есеп бойынша, әлеуметтік Зейнетақы қорының қаражаттарынан әлеуметтік қорғау органдары өтейді.

Жерлеуге арналған соманың соғысқа қатысушы немесе мүгедек қайтыс болған кездегі есептік көрсеткіштің мөлшері алынады.

4) басқа көздердің есебінен жұмсалатын шығындар

66. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының моншаларға, мәдени ойын-сауықтық немесе спорттық шараларға, шаштаразға тегін баруы тиісті жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша меншік нысанына қарамастан ұйымдардың есебінен жүзеге асырылады.

8.

Ескерту. 8-бөлім күшін жойды ҚР Үкіметінің 2000.05.05. N 674 қаулысымен.

P000674_

9. Мерзімдік басылымдарға жазылу бойынша жеңілдіктер

беру және ол бойынша шығындарды өтеу

77. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері олардың мәртебесін растайтын құжаттардың негізінде міндетті түрде тіркелген жері бойынша байланыс бөлімшесінде жеңілдетілген ақы төлеп, мерзімді басылымға жазылуды жүзеге асырады және жеңілдікті ақы төлейді.

78. Жазылуды жүзеге асырған байланыс кәсіпорын Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігіне 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жинақталған мәлімет ұсынатын жоғары тұрған ұйымға жеңілдетілген жазылу туралы мәлімет береді.

79. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республиканың Қаржы министрлігіне жазылу бойынша жеңілдік берілуімен байланысты шығындар сомасы туралы 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама ұсынады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынылған анықтама негізінде жазылу бойынша жеңілдіктер берілуіне байланысты нақты шығындардың сомасын өтейді және республикалық бюджеттен қолданылып жүрген бюджеттік жіктеменің - 100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша, жаңа жіктеменің 06 "Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру" функциялық тобы, 01 "Әлеуметтік сақтандыру" функциясы, 06 "Әлеуметтік көмектің басқа түрлері" ішкі функциясы, 33 "Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі" мекемесі, 33 "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және азаматтардың кейбір санаттарына көлік пен байланыс бойынша жеңілдіктер беруге байланысты шығындарды өтеу" бағдарламасы, 03-17 "Жеңілдікті пайдаланушылар тізбесі" ішкі бағдарламасы бойынша кредиттер ашады.

80. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен алған бюджеттік қаражатты өзінің бюджеттік шотынан төлем бағдарламасымен өзінің құрылымдық бөлімшелерімен және тиісті бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара есептесуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі жанындағы Почта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шотына аударады. Есептесу республикалық бюджеттен қаржы түсуіне қарай жүзеге асырылады.

## 10. Қорытынды ережелер

81. "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға жеңілдіктер беру және әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру кезінде 5-бапты - 22-қосымшаны, 6-баптың бірінші және екінші абзацын - 23-қосымшаны, 6-баптың сегізінші абзацын - 24-қосымшасын, 9-баптың 3-тармағын - 25-қосымшаны басшылыққа алу керек.

82. Жеңілдіктерді пайдаланатын екі немесе одан да көп адам бірге тұрған жағдайда пәтерақы (пайдалану шығындары) және коммуналдық қызмет бойынша жеңілдіктер олардың әрқайсысы үшін белгіленген ережелер мен нормаларға сәйкес беріледі. Адамдарға (отбасыларына) жеңілдіктерді бірнеше негіздер бойынша жинақтауға жол берілмейді.

83. Жеңілдіктер беру оған құқығы бар азаматтар қызмет көрсететін ұйымға өтініш берген уақыттан бастап жүргізіледі.

84. Құжаттарды дұрыс ресімдемегені, бағалар мен тарифтерді көтеру арқылы жеңілдіктерді заңсыз бергені үшін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, бірлестіктер, ұйымдар және лауазымды адамдар заңдарда белгіленген тәртіпте жауап береді.

85. Ұйымдар жеңілдіктер беруге байланысты шығындарды өтеу бойынша бюджеттен келіп түскен сомалары 51 "Есептеу шоты" шотының дебеті және 96 " Нысаналы қаржыландыру және түсімдер" шотының кредиті бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі. Көрсетілген қызметтердің

сомасына 96 "Нысаналы қаржыландыру және түсімдер" шоты (бюджеттен өтелетін сома мөлшерінде) ақша қаражатының 50 "Касса", 51 "Есептеу шоты" шоттары (сату құны мен бюджеттен өтелетін құн арасындағы айырма сомасында) дебеттеледі және 46 "Өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу" шоты жалпы сомаға кредиттеледі.

1-Қосымша

_________________________________

(кімге ұсынылады)

Ведомствоның атауы______________________

Тұрғын үй және коммуналдық қызметке ақы төлеу
жөнінде жеңілдіктерге құқығы бар пәтер жалдаушылар
мен жекешелендірілген пәтерлер, үйлер, ТҮҚК иелерінің
Тізімі

199_жылғы_____________жағдай бойынша

1. р/с
2. Негізгі пәтер жалдаушының тегі, аты, әкесінің аты
3. Мекен-жайы
4. Жеңілдікті пайдаланушылардың санаты
5. Пәтердің жалпы алаңы (ш.м.)
6. Тұратындардың саны (адам)

ЖЕҢІЛДІК ТҮРЛЕРІ

Пәтерақы, пайдалану шығындары

7. толық
8. 50%

Ыстық су (адам)

9. толық
10. 50%

Жылыту (ш.м.)

11. толық
12. 50%

Суық су және канализация

13. толық
14. 50%

Газ (адам)

15. толық
16. 50%

Лифт(адам)

17. толық
18. 50%

Қоқыс тазарту (адам)

19. толық
20. 50%

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Мысалы

1.Иванов Алматы қ.Шалов 90 4 90- 1 3 50 40 1 3 1 3 1 3 1 3
Сергей 1-шағын И.И.
Алексан. аудан, ҰОС-на
дрович 6-үй, қатысу.
10-пәтер шы

Басшының қолы

2-Қосымша

___________________________________

(кімге ұсынылады)

Ведомствоның атауы___________________

Бюджеттен өтеуге жататын жеңілдіктер бойынша
шығындардың
Жиынтық тізбесі

_________________________          199__жыл

(тоқсан)

__________________облысы (қаласы, ауданы) бойынша

1. N р/с
2. Мекен-жайы

Пәтер ақы (пайдалану шығындары)

3. алаңы, ш.м.
4. сомасы, теңге

Ыстық су

5. адам
6. сомасы, теңге

Жылыту

7. алаңы, ш.м.
8. сомасы, теңге

Суық су және канализация

9. адам
10. сомасы, теңге

Газ

11. адам
12. сомасы, теңге

Лифт

13. адам
14. сомасы, теңге

Қоқыс тазалау

15. адам
16. сомасы, теңге

17. Берілген жеңілдіктер бойынша сомасының жиыны

---

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6| 7 | 8 | 9 |10 | 11| 12| 13 | 14| 15| 16| 17

---

Басшының қолы

3-Қосымша

Газ пайдалану бойынша жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың
Тізімі

"___"________________199_жыл

1. Тегі, аты, әкесінің аты
2. Мекен-жайы
3. Азаматтардың санаттары
4. Жеңілдіктерді пайдаланушылар саны
5. Онымен бірге тұратын, жеңілдіктерді пайдаланатын отбасы мүшелерінің саны (адам)
6. Тұрғын үй алаңы (ш.м.)

Газ босатудың айлық нормасы

7. Жылытуға 1 шаршы метрге текше м.
8. Ас әзірлеуге бір адамға (кг) текше м.

Нақты босатылған газ, текше метр немесе кг

9. Жылытуға
10. Ас әзірлеуге

Облыста бекітілген тариф (теңге, тиын)

11. Жылытуға
12. Ас әзірлеуге

Газ үшін тоқсанға есептелген төлем сомасы (теңге, тиын)

13. Жылытуға
14. Ас әзірлеуге

---

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11| 12 | 13| 14

---

Басшы

Бас бухгалтер

"__"____________________199__жыл

4-Қосымша

(кәсіпорынның атауы)_____________бойынша

Газ жөнінде берілген жеңілдіктерге байланысты
шығындарды өтеудің 199__жылдың________________
тоқсанына арналған
Есебі

1. Азаматтардың санаты
2. Жеңілдікті пайдаланушылар саны (адам)
3. Онымен бірге тұратын, жеңілдіктерді пайдаланатын отбасы мүшелерінің саны (адам)
4. Тұрғын алаң (ш.м.)

Газ босатудың айлық нормасы

5. Жылытуға 1 ш.м-ге текше м.
6. Ас әзірлеуге 1 адамға текше м. (кг)

Нақты босатылған газ, текше м. немесе кг

7. Жылытуға
8. Ас әзірлеуге

Бекітілген тариф (теңге, тиын)

9. Жылытуға
10.Ас әзірлеуге

Газ үшін бір тоқсанға есептелген төлем сомасы (теңге, тиын)

11. Жылытуға
12. Ас әзірлеуге

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Анықтама:
_________есепті кезеңнің басындағы қарызы _______мың теңге
Қаржы басқармасы жыл басынан аударды _______мың теңге
_________есептік кезеңнің соңындағы қарызы_______мың теңге

Басшы

Бас бухгалтер
"___"______________199__жыл

5-қосымша
______________облысы (қаласы)

Газ бойынша берілген жеңілдіктерге байланысты
шығындарды өтеудің 199__жылдың_______________
тоқсанына арналған
Есебі

1. Азаматтардың санаты
2. Жеңілдікті пайдаланушылар саны (адам)
3. Онымен бірге тұратын, жеңілдіктерді пайдаланатын отбасы мүшелерінің саны (адам)
4. Тұрғын алаң (ш.м.)
Газ босатудың айлық нормасы
5. Жылытуға 1 ш.м-ге текше м.
6. Ас әзірлеуге 1 адамға текше м. (кг)
Нақты босатылған газ, текше м. немесе кг
7. Жылытуға
8. Ас әзірлеуге
Бекітілген тариф (теңге, тиын)
9. Жылытуға
10. Ас әзірлеуге
Газ үшін бір тоқсанға есептелген төлем сомасы (теңге, тиын)
11. Жылытуға
12. Ас әзірлеуге

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Анықтама:
_________есепті кезеңнің басындағы қарызы _______мың теңге
Қаржы басқармасы жыл басынан аударды _______мың теңге
_________есептік кезеңнің соңындағы қарызы_______мың теңге

Басшы
Бас бухгалтер
"___"______________199__жыл

ЕСКЕЕРТУ. 6-қосымша 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда берілді - ҚРҮ-нің 1997.08.19. N 1266 қаулысымен.

P971266_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 19 тамыздағы
N 1266 қаулысына
2-қосымша

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына 1 ш.м. пайдалы аланды жылытуға жеңілдік берілген жағдайда қатты, сұйық отынды және газды босату нормалары

| Облыстардың атаулары | 1 ш.м. арналған шартты отынның килограмы |
|---|---|
| Ақмола | 78 |
| Ақтөбе | 75 |
| Алматы | 60,5 |
| Атырау | 67 |
| Шығыс Қазақстан | 77,9 |
| Жамбыл | 55,3 |
| Батыс Қазақстан | 72,8 |
| Қарағанды | 75,1 |

| | |
|---|---|
| Қызылорда | 66,8 |
| Қостанай | 78 |
| Маңғыстау | 53,7 |
| Павлодар | 78 |
| Солтүстік Қазақстан | 78,8 |
| Оңтүстік Қазақстан | 50,8 |
| Алматы қаласы | 60,5 |

7-Қосымша

Иелігіндегі үй туралы
Анықтама

Азамат(ша)____________________________________________________-
__________________________қаласындағы___________________________________
мекен-жайда жылытылатын алаңның көлемі_______________________________
жеке меншік құқығындағы үй-жай атына тіркелгенін растап, беріледі.

Анықтама жеке иелігіндегі үйдің техникалық паспорты мен үйде тұратын азаматтарды тіркеуге арналған үй кітабының негізінде беріледі.

ТТБ бастығы

Картотека бойынша тексердім
"___"______________199__жыл

8-Қосымша

Жеңілдетілген жағдайда___________________алуға арналған
(отын түрі)

N______ТІЗІМ

---

Тегі, аты, |Мекен-жайы | Жеңілдікпен берілетін|Әлеуметтік
әкесінің аты | |отын нормасы, тонна |мәртебесі немесе
| | | басқасы

---

Басшы
Бас бухгалтер
"__"_______________199__жыл

9-Қосымша

Жеңілдетілген жағдайда отын алуға арналған
Анықтама
199___жылға

Азамат (ша)_________________________________________берілді өйткені ол жеңілдетілген жағдайда отынмен қамтамасыз етілуге құқықты.

Жеңілдікпен берілетін отын нормасы_________________________
Әлеуметтік мәртебесі________________________________________

Басшы
Бас бухгалтер
"__"_______________199__жыл

10-Қосымша

Халықтың жекелеген санаттарына отынды
жеңілдікпен босату туралы
Есеп

199__жылдың ___________________тоқсаны үшін

---

Р/с|Жеңілдікті пайдаланып,| Үй | Отын |Бірлік|Отынға бөлінген

N |отынмен қамтамасыз | саны |мөлшері,|құны, |қаржы сомасы,
|етілуге құқығы бар | | тонна | теңге|мың теңге
|азаматтар санаты | | | |

---

Анықтама:
________есепті кезеңнің басындағы қарызы_______мың теңге
Қаржы басқармасы жыл басынан аударды _______мың теңге
_______есептік кезеңнің соңындағы қарызы_______мың теңге

Басшы
Бас бухгалтер
"__"____________199__жыл

11-Қосымша

Халықтың жекелеген санаттарына отынды
жеңілдікпен босату жөніндегі
Есеп

199__жылдың ___________________тоқсаны
____________________облысы (қаласы) бойынша

---

Р/с|Жеңілдікті пайдаланып,| Үй | Отын |Бірлік|Отынға бөлінген
N |отынмен қамтамасыз | саны |мөлшері,|құны, |қаржы сомасы,
|етілуге құқығы бар | | тонна | теңге|мың теңге, жыл
|азаматтар санаты | | | |басынан бастап

---

Анықтама:
________есепті кезеңнің басындағы қарызы_______мың теңге
Қаржы басқармасы жыл басынан аударды _______мың теңге
_______есептік кезеңнің соңындағы қарызы_______мың теңге

Басшы
Бас бухгалтер
"__"____________199__жыл

12-Қосымша

_________бойынша 199__жылдың_________тоқсанына арналған
(кәсіпорынның атауы)

жеңілдетілген байланыс қызметін ұсыну туралы
Есеп

1. Жеңілдікті пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты, әлеуметтік мәртебесі
2. Зейнеткерлік куәлігінің нөмірі
3. Көрсетілетін қызмет түрі
4. Жеңілдік түрі, тегін немесе 50%
5. Толық бағасы
6. Өтемақыға жататын сома, теңге

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|

Басшы
Бас бухгалтер
"__"____________199__жыл

13-Қосымша

Байланыс қызметі бойынша берілген жеңілдіктерден
жоғалған пайда туралы
Анықтама

__________________облысы (қаласы) бойынша
199__ж.___________________тоқсанына арналған

| Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | Барлығы | |
|---|---|---|---|
| | | есепті тоқсанда | жыл басынан бері |
| Байланыс қызметі бойынша жеңілдік берілген адам | адам | | |

саны
Көрсетілген қызметтің мың теңге
толық құны
Өтемақы берілуге тиісті мың теңге
шығын сомасы

Басшы
Бас бухгалтер
"__"____________199__жыл

14-Қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация
министрлігі бойынша өтелуге жататын соманың жиынтық есебі
199__жылдың _______________тоқсаны үшін

1. Жеңілдікті пайдаланушылар санаты
2. Көрсетілетін қызметтің толық құны, теңге
3. Көрсетілетін қызметтің жеңілдетілген құны, теңге
4. Өтелуге тиіс сома, мың теңге

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|

Байланыс қызметі бойынша
Мерзімдік басылымға жазылу

Басшы
Бас бухгалтер
"__"____________199__жыл

15-Қосымша

Жеңілдікпен берілген билеттер туралы
Есеп
___________________тоқсан 199__жыл үшін
1. Жеңілдікті пайдаланушының тегі, аты, әкесінің аты
2. Зейнеткерлік куәліктің N, жеңілдік санаты
3. Жүру бағыты Шыққан ст. Баратын ст.

4. Жеңілдіктің түрлері, тегін немесе 50%

5. Жол билетінің толық құны, теңге

6. Өтелуге жататын сома, теңге

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|

Басшы

Бас бухгалтер

"__"____________199__жыл

16-Қосымша

Жеңілдіктер беруден жоғалған пайда туралы
Анықтама

199__жылдың ______________________тоқсаны бойынша

| Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | Барлығы |
|---|---|---|
| 1. Жеңілдікті пайдаланушылар саны | адам | |
| 2. нақты шығын сомасы | мың теңге | |
| 3. Өтелуге жататын шығын сомасы | мың теңге | |

Басшы

Бас бухгалтер

"__"____________199__жыл

17-Қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бойынша өтелуге жататын соманың жиынтық
Есебі

| Жеңілдікті пайдаланушылар санаты | Көрсетілетін қызметтің толық құны, теңге | Көрсетілетін қызметтің жеңілдетіл. ген құны, теңге | Өтелуге тиіс сома, теңге |
|---|---|---|---|

Әуе көлігі
Темір жол
Автомобиль көлігі

Басшы
Бас бухгалтер
"___" ____________________199__ж.

18-Қосымша

ТМД аумағында жүргені үшін өтелуге жататын сомалар туралы
Анықтама

1. Жеңілдікті пайдаланушылар тегі, аты, әкесінің аты
2. Жеңілдіктер санаты
3. Зейнеткерлік куәліктің нөмірі
4. Жүру бағыты Шыққан ст, Баратын ст.
5. Жолақы құны, теңге
6. Нақты берілген жеңілдік, теңге
7. Өтелуге жататын сома, теңге

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|

Басшы
Бас бухгалтер
"___" ____________________199__ж.

19-Қосымша

ТМД елдері аумақтары бойынша жол жүруге
байланысты шығындарды өтеу үшін қажетті сомалар туралы
Мәлімет

| Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Сома |
|---|---|---|
| 1. Жеңілдікті пайдаланушылар саны | адам | |

2. Өтеуге жататын сома       теңге

Басшының қолы

20-Қосымша

Дәрігерге жаднама

1. Емдеу-алдын алу мекемесінің шифры баспаханалық әдіспен басылады немесе штамп қойылады.

2. Рецепт латын тілінде, анық, айқын, сиямен немесе шарикті қаламмен ( жасыл, қызыл түстен басқа) жазылады, түзетуге болмайды.

3. Бір бланкіге:

а) заттық-сандық есеп жүргізілетін тегін немесе жеңілдікпен босатылатын бір дәрілік зат;

ә) заттық-сандық есеп жүргізілмейтін бір, екі үш дәрілік зат (жай, күшті әсер ететін, улы) жазылуы мүмкін.

4. қысқарту ережесімен қабылданған белгілер ғана рұқсат етіледі.

5. Қатты және сусымалы заттар - грамм (0,001; 0,3;1,0), сұйық

заттар миллилитр, грамм, тамшы өлшемімен жазылады.

6. Қолдану әдісі қазақ немесе орыс тілінде жазылады "ішкі", "белгілі", т.б. жалпы нұсқаулармен шектелуге тыйым салынады.

7. Рецепті толтырғанда толық құны (ересек адам үшін, бала үшін) немесе жеңілдікпен (ҰОС мүгедегі, бала үшін, басқадай тегін) төленетіні, жеңілдік проценті көрсетілуі керек.

8. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы керек.

| | |
|---|---|
| Жеке адамға дайындалған дәрі нөмірі | Дәріхана мөртаңбасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қабылданды | дайындады | тексерді | босатты |

21-Қосымша
N АП-9 нысаны

Басқарма (бірлестік)     ________     опер. коды

N___дәріхана |______| ________
Бөлім___________ |______| |______|
|______| |______|

___________________________________________________________________
емдеу-алдын алу мекемесі

Тегін және жеңілдікпен босатылған дәрі-дәрмек рецептерінің
N__________ЖИЫНТЫҚ РЕЕСТРІ
199__ж.________________бойынша

1. Рецептер саны______________________________________________
2. Босатылған дәрі-дәрмектердің құны
(бөлшек сауда бағасы бойынша)______________________________
3. Науқастар төлеген сома ____________________________________
4. Өтелуге тиісті сома _________________________________________

__________________________________________теңге төленсін.
сөзбен

Басшы
Бас бухгалтер
"___" ___________________199__ж.

22-Қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуымен
соғыс қимылдары болған мемлекеттер, аумақтар
және ол жүргізілген кезеңдер
ТІЗІМІ

Азамат соғысы: 1918 жылғы 23 ақпаннан 1922 жылғы қазанға дейін.

Кеңес-поляк соғысы: 1920 жылғы наурыз-қазан,

Испаниядағы соғыс: 1936-1939 жылдар.

Финляндиямен соғыс: 1939 жылғы 30 қарашадан 1945 жылғы 13 наурызға дейін.

Ұлы Отан соғысы: 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылғы 9 (11) мамырға дейін.

Жапониямен соғыс: 1945 жылғы 9 тамыздан 1945 жылғы 3 қарашаға дейін.

Басшыларды жою жөніндегі соғыс операциялары: 1922 жылғы

қазаннан 1931 жылғы маусымға дейін.

Хасан көлі ауданындағы соғыс қимылдары: 1938 жылғы 29 шілдеден 11 тамызға дейін.

Халхин-Гол өзеніндегі соғыс қимылдары: 1939 жылғы 11 мамырдан 16 қыркүйекке дейін.

КСРО, Батыс Украина және Батыс Белоруссия қосылған кездегі соғыс қимылдары: 1939 жылғы 17 қыркүйектен 28 қыркүйекке дейін.

Қытайдағы соғыс қимылдары: 1924 жылғы тамыздан 1927 жылғы

шілдеге дейін; 1929 жылғы қазан-қараша; 1937 жылғы шілдеден 1944 жылғы қыркүйекке дейін; 1945 жылғы шілде-қыркүйек; 1946 жылғы наурыздан 1949 жылғы сәуірге дейін; 1950 жылғы наурыз-мамыр (ӘШҚ әскерлері тобының жеке құрамы үшін); 1950 жылғы мамырдан 1953 жылғы шілдеге дейін (Солтүстік Кореядағы соғыс қимылдарына Қытай аумағынан қатысқан әскери бөлімшелердің жеке құрамы үшін).

Венгриядағы соғыс қимылдары: 1956 жыл.

Даман аралындағы соғыс қимылдары: 1969 жылғы наурыз.

Жалаңашкөл ауданындағы соғыс қимылдары: 1969 жылғы тамыз.

23-Қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуымен соғыс қимылдары болған қалалар және ол жүргізілген кезеңдер
ТІЗІМІ

Одесса қаласын қорғау: 1941 жылғы 10 тамыздан 16 қазанға дейін.

Ленинград қаласын қорғау: 1941 жылғы 8 қыркүйектен 1944 жылғы 27 қаңтарға дейін.

Севастополь қаласын қорғау: 1941 жылғы 5 қарашадан 1942 жылғы 4 шілдеге дейін.

Сталинград қаласын қорғау: 1942 жылғы 12 шілдеден 19 қарашаға дейін.

24-Қосымша

Басқа мемлекеттер аумағында Қазақстан Республикасы азаматтарының қатысуымен жүргізілген соғыс қимылдары кезеңдерінің

ТІЗІМІ

Алжирдегі соғыс қимылдары: 1962-1964 жылдар.

Египеттегі (Біріккен Араб Республикасы) соғыс қимылдары: 1962 жылғы қазаннан 1963 жылғы наурызға дейін; 1967 жылғы маусым; 1968 жыл; 1969 жылғы наурыздан 1972 жылғы шілдеге дейін; 1973 жылғы қазаннан 1974 жылғы наурызға дейін; 1974 жылғы маусымнан 1975 жылғы ақпанға дейін (Суэц каналын минадан тазартуға қатысқан Қара теңіз және Тынық мұхит флоттары тралшыларының жеке құрамы үшін).

Йемен Араб Республикасындағы соғыс қимылдары: 1962 жылғы қазаннан 1963 жылғы наурызға дейін; 1967 жылғы қарашадан 1969 жылғы желтоқсанға дейін.

Вьетнамдағы соғыс қимылдары: 1961 жылғы қаңтардан 1974 жылғы желтоқсанға дейін.

Сириядағы соғыс қимылдары: 1967 жылғы маусым; 1970 жылғы наурыз-шілде; 1972 жылғы қыркүйек-қараша; 1973 жылғы қазан.

Анголадағы соғыс қимылдары: 1975 жылғы қарашадан 1979 жылғы қарашаға дейін.

Мозамбиктегі соғыс қимылдары: 1967=1969 жылдар; 1975 жылғы қарашадан 1979 жылғы қарашаға дейін.

Эфиопиядағы соғыс қимылдары: 1977 жылғы желтоқсаннан 1979 жылғы қарашаға дейін.

Ауғанстандағы соғыс қимылдары: 1978 жылғы сәуірден 1989 жылғы 15 ақпанға дейін.

Камбоджадағы соғыс қимылдары: 1970 жылғы сәуір-желтоқсан.

Бангладештегі соғыс қимылдары: 1972-1973 жыл. (КСРО Әскери-Теңіз Флоты корабльдері мен көмекші кемелерінің жеке құрамы үшін).

Лаостағы соғыс қимылдары: 1960 жылғы қаңтардан 1963 жылғы желтоқсанға дейін; 1964 жылғы тамыздан 1968 жылғы қарашаға дейін; 1969 жылғы қарашадан 1970 жылғы желтоқсанға дейін.

Сирия мен Ливандағы соғыс қимылдары: 1982 жылғы маусым.

25-Қосымша

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі

мен мінсіз әскери  қызметі үшін берілетін наградаларға
жатқызылған КСРО медальдарының
ТІЗІМІ

"Ерлігі үшін" Ушаков медалі
"Жауынгерлік еңбегі үшін" Нахимов медалі
"Еңбектегі ерлігі үшін"
"Еңбекте үздік шыққаны үшін"
"Ленинградты қорғағаны үшін"
"Москваны қорғағаны үшін"
"Одессаны қорғағаны үшін"
"Севастопольді қорғағаны үшін"
"Сталинградты қорғағаны үшін"
"Киевті қорғағаны үшін"
"Кавказды қорғағаны үшін"
"Кеңестік Заполяриені қорғағаны үшін"
"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін"
"Жапонияны жеңгені үшін"
"1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК